

егемен

Казакстан

“Еуропаға жол” Еуропада таныстырылды

“Бұрын біздің әлемнің ешқашан өз болашағын іс жүзіне асыру секілді өзін-өзі жаңарту үдерісінің мұндай қайталанбас мүмкіндіктері болған емес” – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “Российская газетада” жақында жарияланған мақаласындағы бұл сөздер, әрине, тек экономикаға, қазіргі жаһандық қаржы дағдарысын еңсеруге ғана қатысты емес. Әсіресе, кәрі құрлық – Еуропадағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сананы сарсаңға салар сұрақтары жетіп жатыр. Кеше Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік Ассамблеясының қысқы мәжілісіне қатысушылар Еуропа қауіпсіздігінің жаңа архитектурасын қалыптастырудың жай-жапсарын жан-жақты талқылады.

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының төрағасы Ж.Соареш кіріспе сөзінде бұл мәселе бойынша жарыссөзге 58 адам жазылғанын айтқанда аңтарылыңқырап қалғанбыз. Мұндай мәжілістерде сөз сұраған адамға сөз бермей қою деген ерекше бір жағдайларда болмаса, кездеспейді. Сонда қалай етпек? Ж.Соареш: “Әр шешенге бұрын айтылғандай 5 минуттен емес, 2 минуттен беріледі”, деп шорт кесуге мәжбүр болды. Негізгі баяндамашылар – Ресей сыртқы істер министрінің орынбасары Александр Грушко мен Франция сыртқы істер министрлігінің Саяси мәселелер және қауіпсіздік жөніндегі департаменті директорының орынбасары Вероник Бюжон-Барренің де өз сөздерін он минуттің ішінде түйіндеуіне тура келді.

А.Грушко өткен жылғы Кавказ дауы еуропалық қауіпсіздік құрылымдарының бірде-бірі іс жүзінде қақтығыстың алдын алуға қауқарлы болып шықпағанын көрсетті дей келіп, Еуропадағы қауіпсіздік ландшафты Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгідей құрақ-құрақ күйінде тұрғанын айтты. Ол Оңтүстік Осетиядағы жағдай басқа амалдың жоқтығынан орын алғанын жеткізді. В.Бюжон-Барре ханым Еуропадағы дағдарыстың ең үлкені өзара сенімді жоғалту дағдарысы деп санайтынын жеткізді. Грузиядағы аз күндік соғыс, жақындағы газ дағдарысы осының дәлелі. Шешен Еуропа қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мәселелерін тереңнен талқылау үшін Германияның жоғары деңгейде кездесу өткізу идеясын қолдайтынын білдірді. Мұндай кездесу өтпегелі (1999 жылғы Ыстамбұл кездесуінен бері) он жыл уақыт болғанын оқырмандар есіне сала кетейік.

Еуропа қауіпсіздігінің жаңа архитектурасы мәселесі бойынша жарыссөзге шыққандардың кейбірінің ғана пікірін, оның өзінде аты-жөнін атамай, тек қай ел өкілі екенін ғана атап айтумен шектелуге тура келеді. Әзірбайжан өкілі бір елдің мүддесін бір елдің мүддесі есебінен түгендеуге болмайды, біз Ұжымдық қорғаныс жөніндегі шартқа да, НАТО-ға да қосылмаймыз, біз үшін тек бір мақсат – территориялық тұтастығымызды қалпына келтіру десе, Грекия өкілі біз бір кіндікті дүниеде емес, қайтадан көпкіндікті дүниеде өмір сүре бастадық, жаһандық мәселелерді талқылауға Қытай қалайда қатысуы керек деп санайды, Грузия өкілі тең дәрежелі, әріптестік қарым-қатынастар орнамайынша қауіпсіздікке қолымыз жетпейді дейді, “Егер сіздер

орыстардың ұғымындағы қауіпсіздіктің не екенін білгілеріңіз келсе, Грузияға барыңыздар, сіздерге Ресей бізге шабуыл жасағалы жүр деп талай рет ескерткенбіз, құлақ асқан жоқсыздар”, дейді (Торонтодағы күзгі мәжілісте Ресей өкілі Александр Козловскийдің: “Грузия Оңтүстік Осетияға басып кіргелі жүр деп талай рет ескерткенбіз, сөзімізге ешкім құлақ асқан жоқ” деп шағынғаны еске түсіп отыр), АҚШ өкілі Барак Обаманың: “Нағыз әріптестік бір-бірімізді тыңдай білуден басталады” деген сөзіне сілтеме жасай отырып, Ресей Грузияға басып кірді деп санайтынын жасырған жоқ, Литва өкілі тіпті ЕҚЫҰ-да 1 ел 55 елге қарсы шыға береді деп салды (Кавказдағы миссияны жалғастыру жөніндегі шешімді Ресей қабылдаттырмай қойғанын мегзегені), АҚШ өкілі Иранмен, лаңкестермен (ХАМАС-ты заңды сайланған деп мойындағанын айтқаны) қалыпты қарым-қатынас орнатқаны Ресейдің қандай ел екенін аңғартып тұр деп салды. Грузияның басқа бір шешені Ресейге қатыстырып “Баланың өз ойыншығын жаңа ойыншық алдырту үшін де бұза беретіні болады” деуден де тайынбады. Қысқасы, кеше ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясында Еуропа қауіпсіздігінің жаңа архитектурасы туралы соншалықты толымды әңгіме айтылды деу қиын сияқты көрінеді бізге. Көптеген шешендер бар мәселені Ресей-Грузия қақтығысының төңірегінен шығармай қоюға тырысқандай әсер қалдырды. Сонымен бірге, басқа қарулы қақтығыстар, мысалы, Газа секторындағы қанды қырғын ауызға алынбады десе де болады. Ресей мен Франция өкілдерінің баяндамаларынан да қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасы тамаша танылды дей алмас едік. Ал дұрысында қазір әлемде қауіпсіздік ұғымы салаланып, тармақталып бара жатыр. Кешегі бір шешеннің: “Қатерлер қатқыл да, жұмсақ та бола береді. Қатқыл қатерлер, мысалы, Иранның ядролық қаруға қолы жеткелі тұрғаны, лаңкестік, өңірлік соғыстар, жұмсақ қатерлер, мысалы, экология, адам құқын бұзушылық, демократия қағидаттарын сақтамау. ЕҚЫҰ негізінен жұмсақ қатерлерді қарастырады” дей келіп, сол жұмсақ деген қатерлердің қордалана келіп қатқыл қатерлерді туындататынын айтқаны ойлантарлық жай.

Қазақстан өкілі – Сенат комитетінің төрағасы Қ.Сұлтановтың сөзі шымыр да жұмыр шықты. Қуаныш Сұлтанұлы соның алдында ғана бізге сөзінің мәтінін беріп: “Регламентке байланысты бес минут қана сөйлеймін” деп тұрған, өзіне кезек келгенше талапқа сәйкес сөзін екі минуттік мөлшерге келтіріп қойыпты. Сол аралықта Қ.Сұлтанов Қазақстанның Хельсинки шарты мен Париж хартиясы қағидаттарын ұстануды жақтайтынын, Ресей басшысы Дмитрий Медведевтің Еуропа қауіпсіздігі жөнінде Шарт жасау жөніндегі Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының Мәскеуде өткен сессиясында айтылған ұсынысын қолдайтынын айтып, қарусыздану мәселесінде Нұрсұлтан Назарбаевтың дүние дидарында бөлек үлгі танытқанын, өзінің қолына түсіп тұрған тажал себер қарудан өз еркімен бас тартып, Семей полигонын республика КСРО құрамында тұрғанда жаптырғанын еске салып үлгерді. Қуаныш Сұлтановтың мемлекеттер басшылары жаңа буынының қарусыздануға қатысты жаңа мәлімдемелеріне сенім білдіре сөйлегені өте орынды шықты. Бұл арада ең алдымен Барак Обаманың Ресейге ядролық оқ-

тұмсықтарды қысқарту жөнінде жақында жасаған ұсыныстары ескеріліп отыр деп ойлаймыз.

Қысқы мәжілістегі біз үшін басты оқиға, сөз жоқ, Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалығына дайындығы барысы жөніндегі арнаулы таныстырылым. “Хофбург” сарайының Нойерзаал аталатын салтанатты залында өткен бұл таныстырылымға ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының төрағасы Ж.Со-арештің өзі модераторлық жасауы шараның маңыздылығын ғана емес, осынау жоғары сенімге түркі тілдес әлемнен, мұсылман дүниесінен, бұрынғы кеңестік кеңістіктен тұңғыш рет ие болып отырған елдің бөлекше орнын да көрсетіп тұрғандай. Иә, кешегі күнді де біз елдің жасампаздық жылнамасындағы жарқын бір бет деп білеміз.

ЕҚЫҰ штаб-пәтеріндегі арнаулы таныстырылымда Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы, Парламенттік Ассамблея төрағасының орынбасары Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. Делегациямыздың басшысы грек әріптестерін ЕҚЫҰ төрағалығы қызметіне кірісуімен құттықтай келіп, Грекия жаңарудың күрделі кезеңін басынан кешіп жатқан ұйымның беделін арттыру үшін қомақты үлес қосатынына сенім білдірді. Алдағы жылдың басындағы қысқы сессияда бізді енді басқалар осындай биік лауазымымызбен құттықтайтынын ойлап, бір сәт жүрегіміз лүпілдеп өтті. Бұйыртса, ол күн де келеді.

Қазіргі таңдағы нақты геосаяси жағдай қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың бүгінде тек еуропалық немесе тек азиялық болып бөліне алмайтынын көрсетіп беріп отыр. Жаңа ғасыр жағдайында Еуропа пен Азия тарихи, экономикалық, мәдени байланыстардың көптеген жанды жіптерімен жалғасып жатқан біртұтас географиялық және саяси кеңістікке айналып кеткен, деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Расында да, ғасырлар бойы Еуропа, Азия деп бөлек-бөлек айта берген соң екеуі тіпті екі құрлықтай болып көрініп кететіні де бар, әйтпесе бұл Еуразия атты бір құрлықтың қос қанаты екені баршаға белгілі. Сенат Төрағасы осы беделді ұйымның еуроатлантикалық және еуроазиялық бөліктері деп шартты түрде аталатын елдердің арасын біріктіріп тұратын факторларды бірлесе іздеудің мүдделес мемлекеттер үшін өте маңызды екенін еске салып өтті. Қазақстан ЕҚЫҰ мандатын жүзеге асыруға, соның ішінде Орталық Азия өңірінде ойластырылған міндеттерді шешуге барынша ат салысатын болады. Біз жоғарыда айтып өткендей, түркі тілдес әлемнен, мұсылман дүниесінен, бұрынғы кеңестік кеңістіктен осындай сенімге тұңғыш рет ие болып отырған елдің өзі орналасқан өңірдің мүддесін де алға ұстайтыны табиғи жай.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылығымен қолға алынған “Еуропаға жол” мемлекеттік бағдарламасын таныстыру барысында Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының басымдықтары мен міндеттері жайында хабардар етіліп, оның негізгі бағыттары жайында мол мағлұмат берілді. Біраз адам осы бағдарламаны белгілі бір дәрежеде дипломатиялық, рәсімдік қызметтерді жүзеге асырумен шектелетіндей көретін де сыңайлы. Шынтуайтында, оны оқып шыққан жан бұл бағдарламаны жүзеге асыру елдің өзінің ішінде өте елеулі реформаларды жүзеге асыруды талап ететінін

түсіне алады. Иә, “Еуропаға жол” бағдарламасы біздің ЕҚЫҰ төрағалығын қалай атқаратынымызды көздегенімен, оның басты мақсаты – Қазақстанды еуропалық елдермен стратегиялық әріптестік деңгейіне шығару, саяси байланыстарды кеңейту, сауда айналымын арттыру, көлік жүйелерін дамытудың бірлескен жоспарларын жасау, елде қабылданған үлгі-қалыптарды Еуроодақтың талаптарына сәйкестендіру, халықтың өмір сүру сапасын арттыру. Онай міндет емес. Бағдарламаның тағы бір көкейкесті мақсаты қазақстандық институттық-құқықтық арқауды еуропалық жағымды тәжірибені пайдалана отырып жетілдіре түсу болып табылады. Демек, бұл арада мемлекеттік құрылымның қазақстандық моделін дамыту және саяси реформаларды жалғастыру мәселелеріне баса назар аударылады. Сенат спикері бұл орайда жақында Қазақстанда “Сайлау туралы”, “Саяси партиялар туралы”, “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” заңдарға, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруға қатысты заңдарға түзетулер мен толықтырулар енгізілгенін айтып өтті.

Бұл мәселелердің бәріне де мұндағылар зер сала қарап отыр. Мәжілістің бір партиялы болып шыққанын бетке шіркеу ететіндер әлі аз емес. Қ.Тоқаев сайлау заңнамасында Парламенттің төменгі палатасының ендігі жерде олай қалыптаспауына мүмкіндік беретін құқықтық тетіктердің ойластырылғандығын баяндап берді. Сайлау қорытындылары бойынша жеті пайыздық белестен тек бір-ақ партия өткен күнде де депутаттық мандаттарды бөлісуге сайлаушылардың одан кейінгі төмен дауысын алған партия да жіберіледі. Мұндай норма төменгі палатаны кем дегенде екі саяси партияның қатысуымен құруға жағдай жасайды, мұның өзі ЕҚЫҰ-ның Демократияландыру және адам құқы бюросының ұсыныстарына да сәйкес келеді. Таныстырылым кезінде, сондай-ақ, саяси жүйені жаңартуда негізгі орын саяси партияларға, үкіметтік емес ұйымдарға және басқа да қоғамдық институттарға тиесілі екендігі айтылды. Бүгінде халқының саны 15 миллионнан аз ғана асатын Қазақстанда 10 саяси партия тіркелген. “Саяси партиялар туралы” Заңда саяси партиялардың рөлін арттыру, қоғамдағы демократиялық үдерістерді одан әрі дамыту, халықаралық талаптарға сай келетін саяси жүйе қалыптастыруды қамтамасыз ету тетіктері жеткілікті көзделген.

Жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттің қазіргі даму кезеңіндегі көкейкесті мәселелердің қатарына жатады. Бүгінде халық сайлаған мәслихаттар жергілікті жердегі өзін-өзі басқарудың негізгі өкілетті органдарына айналды. Спикердің сөзінде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси дамуының, сондай-ақ құқықтық мәдениеттің қол жеткен деңгейіне сәйкестендірудің мәселелері де қамтылды. Қазіргі түзетулерге сәйкес БАҚ-ты тіркеу анағұрлым жеңілдетілгені белгілі. Бүгінде меншік иесі небәрі 3 құжат жинаса болды, 15 күннің ішінде қалаған БАҚ-ты тіркетіп ала салады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстандағы дін бостандығы мәселесіне де тоқталды. Елімізде бүгінде 2 мыңнан астам мешіт, 200-ден астам православие шіркеуі, мыңнан астам католик, протестант және иудаизм храмдары, мінәжат үйлері мен синагогалар бар. Қазақстанның

конфессияаралық келіспеушіліктерді болдырмау, мәдени және рухани ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін іздеу ісіне қосқан қомақты үлесі – Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен шақырылып жүрген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері. Биылғы 1-2 шілдеде Астанада Үшінші съезд өтпек, енді ол Біріккен Ұлттар Ұйымының қатысуымен және техникалық жағынан жәрдем беруімен ұйымдастырылмақ, дей келіп, Сенат спикері Астанадағы сол дінаралық саммиттің қарсаңында өткізілетін ЕҚЫҰ-ның жыл сайынғы Жерорта теңізі әріптестерінің семинарына қатысушыларды Қазақстан елордасындағы бөлек бітімді форумға шақырды.

Қазақстан Президентінің ұсынысы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2010 жылды Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы деп жариялады. Өткен жылдың қазанында елордамызда “Ортақ әлем: сәтүрлілік арқылы прогреске” форумы ұйымдастырылып, оған әлемнің 50-ден астам елінің дипломаттары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Форум қорытындысында “Мұсылман әлемі және Батыс” пішінінде үнқатысуды жолға қою идеясын жүзеге асыру үшін ортақ көзқарастарды айқындайтын Астана декларациясы қабылданды.

Таныстырылым барысында Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-да және 2011 жылы Ислам Конференциясы Ұйымында төрағалық ету кезінде осынау беделді ұйымдардың күн тәртібіне мәдениеттер мен діндердің үнқатысуын жолға қою, төзімділікті нығайту, кемсітудің қандай да түрімен болсын күрес жүргізу үшін осы ұйымдарға мүше елдердің күш-жігерін біріктіру жөнінде көп іс тындыруға ұмтылатыны айтылды. Таяуда Қазақстан дипломатын ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасының мұсылмандарды кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі жеке өкілі етіп тағайындауын біз қазақстандық онды тәжірибені мойындау деп білеміз.

Газет мақаласында Қазақстан делегациясы басшысының сөзінде қозғалған жайлардың бәрін қамту шарт болмас. Біз бұл арада еліміздің ЕҚЫҰ-дағы төрағалығын жаһандық энергетикалық балансты қамтамасыз ету мәселесін халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің нақты тетіктерінің бірі ретінде қарастыратындығы айтылғанына баса назар аударғымыз келеді.

“ЕҚЫҰ-ның болашақ төрағасы ретінде Қазақстан біздің бұл Ұйымымыздың рөлін арттыру және оның дағдарысты басқаруға қабілеттілігін ұштау ісінде өзінің жоғары жауапкершілігін сергек сезінеді. Өткен жылдың жазында Астанада болып өткен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының 17-ші сессиясында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан өзінің ЕҚЫҰ-дағы төрағалығын Ұйымға мүше елдердің арасындағы өзара іс-қимылға тың тыныс берудің жақсы мүмкіндігі ретінде қарастыратынын атап айтты. Біз тұрақты да толерантты ел ретінде жинақтаған тәжірибемізді Ванкуверден Владивостокқа дейінгі ауқымды кеңістікте бейбітшілікті қамтамасыз ету ісінде пайдаланбақпыз. Бірге болсақ табысқа жетеміз. Сондықтан, жаңа әлемдегі ықпалдастықты қалай елестетінімізді айта отырып, біз сіздердің қолдауларыңызға үміт артамыз”, деді сөзінің соңында Қасым-Жомарт Тоқаев. Таныстырылымның тамаша өткені күмәнсіз. Төраға Ж.Соарештің кеше: “Қазақстан төрағалығы – біздің Хельсинки рухына адалдығымыздың келісті

көрінісі. Бірқатар елдердің Қазақстанның осы мәртебеге ие болуына әуелде қарсы шыққанын жасырып-жабудың жөні жоқ. Дегенмен, олар бірте-бірте бұл елдің демократиялық әлеуетіне көз жеткізді, сөйтіп шешуші шақта Қазақстанның кандидатурасын жақтап дауыс берді. Қазақстан – ғажайып ел, оның ғажайып ел екенін өзіміз сонда барғанда көргенбіз. Қазақстан – ұлы ел, оның ұлылығы тек территориясының аумағынан ғана көрінбейді, оның ұлылығы жеріндегі қазба байлықтарының керемет қорынан да көрінеді”, дегені баршамыздың көңілімізді тасытты.

Мұндай жерде сөзің де жақсы, көзің де жақсы, өзің де жақсы дегендей жеңіл сөз айтыла салмайтыны анық. ПА төрағасының Еуропа парламентарийлерінің алдында берген бұл бағасы – мемлекет мерейі. Елбасымыздың тапсырмасымен дайындалған мемлекеттік бағдарламаның осындай жиында дәл бұлайша қолдау тапқаны оны жасаушылардың да көп жұмыс атқарғанын танытып тұр. Сонымен бірге, асатпай жатып құлдық дейін деп отырған ЕҚЫҰ тағы жоқ. Жанағыдай жоғары баға берген Ж.Соареш: “Енді осы бағдарламаның орындалуын қадағалайтын боламыз. Жақсы сөз жақсы, жақсы іс одан да жақсы”, деуді ұмытпады. ЕҚЫҰ-ның құрметті төрағасы Й.Леннмаркер Президент Н.Ә.Назарбаевтың ЕҚЫҰ-ның азиялық моделін қалыптастыру жөніндегі идеясына қолдау білдіре сөйледі, “Сіздер тамаша жоспар жасап отырсыздар, рас, ешқандай жоспарды жүз пайыз орындау мүмкін емес, әйтсе де, біз Қазақстанға барынша көмек көрсететін боламыз”, деп ағынан жарыла айтты.

Сонымен, “Еуропаға жол” Еуропаға таныстырылды. Еуропа Қазақстанның даму бағытында негізінен еуропалық үлгі-қалыптарды ұстанғалы отырғанын көрді, келесі жылғы төрағалықты қалай жүзеге асырмақ екендігін нақты естіді. Еуропа Қазақстанға сенетінін тағы да қуаттады.

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше түстен кейін Австрия Республикасының Президенті Хайнц Фишермен кездесті. Онда Австрия басшысына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ыстық ықыласты сәлемі айтылып, Қазақстанға сапармен келуге шақыруы жеткізілді. Бұл шақыру жылы ниетпен қабыл алынды. Сапардың мерзімі дипломатиялық жолдармен келісіледі. Қ.Тоқаев пен Х.Фишердің әңгімесі барысында екі елдің арасындағы саяси, экономикалық қарым-қатынастардың, парламент-аралық байланыстардың бүгіні мен болашағына қатысты мәселелер қозғалды. Австрия Президентінің өтінішіне орай Сенат Төрағасы “Еуропаға жол” бағдарламасының негізгі қағидалары мен тұжырымдары туралы әңгімелеп берді.

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы қысқы мәжілісінің қорытынды отырысында гендерлік мәселелер бойынша хабарлама, Ортақ комитеттер төрағаларының есептері тыңдалды. ПА төрағасы Ж.Соареш ЕҚЫҰ-ның жыл сайынғы 18-ші сессиясы биыл 29 маусым мен 3 шілде аралығында Литва астанасы Вильнюсте, ал ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының күзгі мәжілісі 9-12 қарашада Грекия астанасы Афинада өтетін болып белгіленгенін хабарлады.

Мәжілісті қорытындылаған сөзінде Парламенттік Ассамблея төрағасы қысқы мәжілістің жұмысына белсене қатысқаны үшін Қазақстан делегациясының басшысы Қ.Тоқаевқа және делегация құрамындағы Парламент депутаттарына алғысын айрықша атап айтты.

Авторы: Сауытбек Абдрахманов – Венадан